Shymkent kelbeti
Қоғамдық-саяси газет
www.shymkala.kz





# ШЫМКЕНТ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

## құпия кеңесшінің мәліметінде жазылған

Патша өкіметі отар елдердегі жағдайдың, жалпы дамуы қандай екенін, ол жерлерден қандай пайда табуға болатынын зерттеп келу мақсатында «бұратана шет аймақтарға» өз ревизорларын үнемі жіберіп отырған. Алматы қаласындағы орталық ғылыми кітапхананың «Сирек кітап» бөлімінде ревизор Паленнің Түркістан өлкесіне жасаған ревизиясы туралы бірнеше том жинақ бар. Дегенмен, граф Паленнің ревизиясы XX ғасырдың басында жасалған ревизия, ал «патша ағзамның» құпия кеңесшісі Гирс болса, өлкеге XIX ғасырдың соңында келген, сондықтан, орыс отарлауының салыстырмалы түрде болса да бастапқы кезеңіндегі Шымкент қаласының даму барысының қандай болғаны, әрине, қызықты. Сондықтан, архив дерегі болмаса да, қаламыздың даму тарихына сәл де болса сәуле түсірер мәліметті айналып өтпей, табылған дүниелерді оқырман назарына ұсынып отырмыз. Дегенмен, Гирстың



түскен, ақыр соңында 1340 рубль шығын тартқан екен. Шымкент телеграфының дербес, арнайы үйі болмай, ол округ бастығының үйіне орналастырылған. Шымкент телеграф үйі туралы Гирс «... өте тар, ыңғайсыз» деген пікір білдірген екен өзінің есептік құжат-кітабының 180-бетінде.

Отаршыл өкіметтің басқыншылық саясатын жүзеге асыруы үшін қажет құралдың бірі түрме болса, оның Шымкентте болмағаны, тек әскери гауптвахта ғана болғаны деректің 196-бетінде мәлімделеді. Оның өзінде басқа қалаларға қарағанда Шымкентте түрме салуды ревизор қажет деп те таппайды. Оның себебі, қала халқы арасындағы дау-жанжалдың «ничтожное количество» деп бағаланған, өте-мөте аздығынан екені ревизордың қалалардың «Сот жүйесін» тексерген есебінен білуге болады. Келесі суретте сол мәлімет то-

есебі де тек Мәскеу қаласының орталық кітапханасынан табылғанын айта кету жөн болар.

Түркістан өлкесіне ревизия жасаған «тайный советник» Гирстың есебінде генерал-майор (Гирстың тұсында генерал-лейтенант) Черняевтың жаңадан басып алынған Шымкент пен Әулиеата қалаларының тұрғындарын 1865 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық төлеуден босатуы туралы патшаға жазған өтініш-хатының қанағаттандырылғаны жөнінде есеп бергені, бірақ, өтініш патшаға жеткенше алым-салықтың бәрібір алынып қойылғаны, енді оның халыққа қайтарылмайтыны жайлы мәліметпен таныса аламыз.

Шымкенттің патша билігінің қол астына неғұрлым тезірек тартылуы үшін 1879 жылы Шымкент пен Перовск (қазіргі Қызылорда қаласы) арасында ұзындығы 471 верст болатын телеграф желісі тартылғанын ревизор Гирстың есебінің 189-бетінен білуге болады. Ондағы дерекке сүйенсек, Шымкент телеграф станциясында 2 Морзе аппараты болған, ол жерден 19904 «депеша» жөнелтілген, 1882 жылы 3628 рубль ақша шығындалған, 2083 рубль пайда

— 2[illegible]. —

Судья, Надворный Совѣтникъ Лапинъ, окончившій курсъ въ Институтѣ Восточныхъ языковъ, основательно знакомъ съ мѣстными нарѣчіями и не нуждается въ услугахъ переводчиковъ.

Чимкентскій уѣздный судья. Въ Чимкентскомъ уѣздѣ, въ теченіи трехъ лѣтъ, возникло 598 судебно-мировыхъ дѣлъ, изъ нихъ 480 гражданскихъ, 118 уголовныхъ. Ежегодное возникновеніе равномѣрно около 200 дѣлъ въ годъ.

Сумма исковъ за три года 83.364 р.

Въ 1882 г. разсмотрѣно Областнымъ Правленіемъ только 2 жалобы на Чимкентскаго судью и оставлены безъ послѣдствій.

Нотаріальная дѣятельность заключалась въ засвидѣтельствованіи 209 явочныхъ актовъ.

Такое ничтожное количество дѣлъ указываетъ на безполезность отдѣльнаго судьи для Чимкентскаго уѣзда, въ его настоящемъ территоріальномъ составѣ.

Въ смежномъ Туркестанскомъ уѣздѣ, который предполагается упразднить, судебно-мировыхъ дѣлъ возникаетъ въ годъ около 300. Такъ какъ при упраздненіи Туркестанскаго уѣзда западная половина его отойдетъ къ Перовскому уѣзду, а городъ Туркестанъ и остальная часть уѣзда къ Чимкентскому, то будетъ вполнѣ возможно слить Чимкентскій и Туркестанскій судебные участки, съ тѣмъ условіемъ, чтобы постоянное мѣстопребываніе судьи было въ Туркестанѣ, какъ бойкомъ торговомъ пунктѣ, гдѣ совершается ежегодно около 300 явочныхъ актовъ и возникаетъ дѣлъ болѣе нежели въ Чимкентѣ.

Ходжентскій уѣздный судья. Въ Ходжентскомъ уѣздѣ, въ теченіи трехъ лѣтъ, возникло только 341 дѣло, изъ нихъ 189 гражданскихъ, 152 уголовныхъ, что составитъ, среднимъ числомъ, по 113 дѣлъ въ годъ.

Сумма исковъ за три года 14.592 р.

Въ 1882 г. въ Областномъ Правленіи разсмотрѣно только 1 жалоба на Ходжентскаго судью, оставленная безъ послѣдствій.

Нотаріальная дѣятельность, за три года, дала 240 явочныхъ актовъ и 3 крѣпостныхъ.

**Гирс кітабының «Ленинкада» сақталған данасының мұқабасы**




# ОТЧЕТЪ

**ревизующаго, по Высочайшему повелѣнію, Туркестанскій край, Тайнаго Совѣтника Гирса.**

По ходатайству Туркестанскаго Генералъ-Губернатора, Генералъ-Лейтенанта Черняева, въ 1882 г. Высочайше повелѣно было назначить Ревизію Туркестанскаго края.

[illegible]

лық беріліп отыр.

Ревизия тұсында Шымкент Сырдария облысының қаласы ретінде танылған болатын. Ревизия қалалық үйлер санын да есепке алып, ол туралы 1883 жылға қатысты орыстардың үйлерінің саны 54 болса, түземдіктер үйлерінің саны 1488-ге жеткені туралы мәлімет береді.

Қаладағы орыс үйлерінің санына қарап, отаршыл басқыншы үкіметтің Шымкент, Түркістан және Әулиеата қалаларына онша үлкен үміт артпағанын, керісінше Қазалы мен Перовскінің оқ бойы алда тұрғанын аңғара аламыз. Шындығында да қалаларды сұрыптаған кезде Қазалы қаласына қарағанда Шымкент қаласына қаржылық қолдау көрсетілмеген.

**Г.ЖАНЫСБЕКОВА,**
**тарих ғылымының кандидаты, доцент,**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің басшысы**